**ЦИКЛОГРАММА. II апта**

**Мектепалды даярлық тобы**

Өтпелі тақырып: **«Мен кіммін және қандаймын?»** Мерзімі: 06-10.09.2021

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау Денсаулығын тексеру Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады. Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.) | Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» | « Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау | «Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру ( Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады) | «Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын:«Күншуақ» Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді. |
| | Жаттығулар кешені №2 | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | «Жылы сөздер ойыны»Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады | Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу | « Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын | «Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады. | - Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сұрау, мақал-мәтел, тақпақ сұрайды. | | |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Балабақшадағы алғашқы күн.<br>**Мақсаты:** «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру<br>**ҰК;** Педагог тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды.<br>«Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық.<br>– Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа | **1.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы:** Біреу – көп.<br>**Мақсаты:** балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларға сұрақтар қояды.<br>2. **Негізгі кезең**<br>Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады.<br>Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды.<br>– Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп).<br>– «Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар. **Жұмыс** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сөз.<br>**Мақсаты:** Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді.<br>Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру.<br>**2. Негізгі кезең**<br>Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Табиғатта қандай өзгерістер болды?<br>**Мақсаттары:** а) Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету.<br>ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту.<br>б) Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** А дыбысымен таныстыру<br>**Мақсаты:** "А" дыбысымен таныстыру, танып білуге деген қызығушылықтар ын дамыту.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштальңдар», – деп белгі береді.<br>Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру.<br>**2. Негізгі кезең**<br>«А» дыбысын аузымызды кеңірек ашып қайталаймыз.<br>«А» дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығу нәтижесінде жасалады.<br>**2. Негізгі кезең**. Педагог балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады.<br>Педагог «Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді:<br>12<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік.<br>Табыл – дабыл.<br>Бақа – бақбақ.<br>Педагог «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:<br>Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ.<br>Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады.<br>Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру<br>Клуб, штаб, араб, куб; | **дәптерімен жұмыс жасайды**.<br>1- тапсырма.<br>Суретте не бейнеленген, ата.<br>Дүкенде неше ойыншық бар? Қандай ойыншықтар көп? Қандай ойыншықтар біреу? Қандай ойыншықтар бірнешеу?<br>2- тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Суретте неше ойыншық бар? (Көп).<br>- Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар.<br>Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды.<br>**Сергіту сәті.** | баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br>Билингвалды компоненттерді қайталатады.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс.** Дәптердегі №3 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі<br>**Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>– Бүгінгі сабақта не ұнады?<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырып:** Мен ерекше баламын<br>**Мақсаты :**Балаларға ерекше бала болып өсу керектігін түсіндіре отырып, ішкі тыныштық құндылығының мәнін ашу.<br>**№2 оқу қызметі.**<br>**Ж.Саин** «Кім болам?» өлеңін оқу. | мақсатында **«Жау-жау, жаңбыр» әнін орындатады.**<br>Сөзі Ш.Сариевтікі.<br>Әні К.Дүйсекеевтікі<br>**Негізгі кезең**<br>**Педагог балалардың білімдерін өзектілендіру үшін «Жиынтық»(кластер)» техникасын** пайдаланады. Бұл әдіс балалардың белгілі бір тақырыпта еркін ойлау қабілеттерін жаттықтырады және идеялар арасындағы байланысты жеңілдетеді, осы байланыстарды көру қабілеттерін дамытып, бұған дейін алған білімдерін белсендіреді. Педагог түсіндіріп береді: парақтың ортасына КҮЗ бейнеленген немесе КҮЗ деп жазылған карточканы қойыңдар (оқып тұрады). КҮЗ деген сөзді естігенде | болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады.<br>«А» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: «А» дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады.<br>Дауыс шымылдығы ашық болады.<br>Осылай «а» дыбысы жасалады.<br>Дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып екіге бөлінеді."А" дыбысы – жуан дауысты дыбыс.<br>– Ал енді «А» дыбысынан басталатын сөздерден мысал келтіріңдерші.<br>Педагог балалардың ойлаған сөздерін |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.<br>«Б» ұян – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз<br>**Сергіту сәті.**<br>Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек.<br>**Балабақшадағы алғашқы күн.**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Бірнеше дәптердегі суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтыру.<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>**Педагог балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады:**<br>1.Тебіншек ат – шегіншек.<br>2.Шегіншек ат – тебіншек.<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>– Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? | **«Саусақтардың амандасуы»** – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды.<br>Балалар «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады.<br>Саны бойынша салыстырады: ойыншық сарбаздар көп, кеме біреу және т.б.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.<br>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>1- тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.<br>3-тапсырманы орындайды – бір | М.: 1. Өлеңде не туралы айтылған?<br>2.Мен кішкентай кіммін дейді?<br>3. Елді,Отанды қорғайтын кім болам дейдіҚ.: 1.Сендер өз бойларыңнан сабырлылықты, ерекшелікті көре аласыңдар ма?<br>**Рефлексия**<br>Қ.Ыдырысов «Келші,келші, балашым» өлеңі.<br>Көзімізді жұмып, еркін жайғасамыз.<br>Бүгіннен алған жақсы сөздерді ,ойларды жүрегімізге жеткізіп, көкейімізге түйіп алайық.<br>Көзімізді ашайық.<br>Рахмет.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** «Күлкі сыйла»<br>**Мақсаты:** а) Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіруді | ойларыңа келген өзге де заттар туралы ойлап көріңдер.<br>Қолдарыңдағы карточкалардың арасынан КҮЗДІ білдіретіндерін немесе ойларыңдағыға сай келетінін іріктеп алыңдар; олардың алғашқы шеңберді айналдырып орналастырыңдар және сызықтың көмегімен орталық шеңбермен біріктіріңдер.<br>**Ауа райының бүгінгі күнін күйін күнтізбеге белгілеп көрсетуді ұсынады.**<br>**Балаларды балабақша аумағындағы экскурсия кезінде проблема іздеуге және оны зерттеуге бағыттау**<br>**Сергіту сәті.**<br>**«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?»** | буынға бөлулерін сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс.**<br>Дәптердегі №3 тапсырма орындалады.<br>Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>– Бүгінгі сабақта не ұнады?<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Кемпірқосақ.<br>**Мақсаты:** доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 13<br>– Біз бүгін кім туралы әңгімеледік?<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема**: «Мой любимый детский сад»<br>**Цель:** обучение умению составлять рассказ по плану.<br>**1.Организационный момент**<br>Звучит песня про детский сад.<br>**2.Основная часть**<br>Учитель предлагает выполнить упражнение, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>**Фонетическая зарядка**<br>Ра – ра – ра – просыпаемся с утра Ра – ра – ра – интересная игра<br>Ру – ру – ру – поиграем мы в игру.<br>**Знакомство с новыми словами**<br>**Билингвальный компонент:** балабақша | қорапты таңдап, оны бояйды.<br>**1. Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**: Ұшақ.<br>**Мақсаты**: құрылыс материалдарынан құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Педагог ұшақ туралы жұмбақ жасырады.**<br>«Құстан аумайды, Көкті жаулайды».<br>**2. Негізгі кезең.**<br>Педагог балалармен бірге ұшақтардың құрылысына талдау жасайды. Үлгіден ұшақтың негізгі бөлігін, қанаттарын, құйрығын, дөңгелектерін (шасси) көрсетеді.<br>**Сергіту сәті.** | жалғастыру, жұп болып жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруге үйрету. Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см).<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі**<br>«Менің денем» – өз-өзіне массаж жасау.<br>**2. Негізгі кезең**<br>I. Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүгіру. Қолға арналған жаттығулар орындап жүру.<br>II. **Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау (№1)** | **дидактикалық ойыны.**<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Суреттерді қарап шығып, серуен кезінде өздері байқаған күз мезгілінің белгілейді. **Фотосуреттерді қарап** шығып, балабақша алдындағы үлескідегі өсетін гүлдерді белгілейді. Олардың түсін, көлемін, құрылымын суреттеп береді. Күзгі жапырақтың суретін салады.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>ҰОҚ-да атқарылған жұмыстың нәтижесін қорытады.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Себет.<br>**Мақсаты:**себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды | **1.** _____**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңберін құру.**<br>2. **Негізгі кезең**<br>Балалардың назарын 4-беттегі сюжетті суретке аудару. Педагог кейбір бір қабатты үйлерде қыста от жағатын пеш болатынын, ал ол пештің түтіні мұржадан шығатынын айтып түсіндіреді.<br>– Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған?<br>– Бүгін біз осындай үйді геометриялық пішіндерден құрастырып жапсырамыз.<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – детский сад, балалар – дети, қыз – девочка, ұл – мальчик, топ – группа.<br>Работа в азбуке-тетради<br>**Задание №1**<br>**Физминутка**<br>Девочки и мальчики прыгают, как мячики (после слов выполняют прыжки)<br>Ручками хлопают (хлопки три раза)<br>Ножками топают (топают три раза)<br>Глазками моргают (ритмичное зажмуривание глаз)<br>После отдыхают (приседают, руки свободные)<br>Дети повторяют текст и выполняют движения за педагогом.<br>**Р/У «Я пришел в школу»**<br>Работа в азбуке-тетради<br>**Задание №2**<br>1. **Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей.<br>– Вам нравится ходить в школу? Что | Педагог балалардың өздігінен дербес жұмыс жасауларына жағдай жасайды. Жеке жұмыс барысында педагог балалардың құрылыс материалдарын дұрыс пайдалануына бағыт беріп, оның берік орналасуын, бөліктердің қатынастарының сәйкестігін қадағалайды, бағыт береді.<br>**3. Рефлексия.**<br>**3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш бұтақтары<br>**Мақсаты:** балаларға теректің бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және теректің бұталарының суретін салуға үйрету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**.Шаттық шеңбер<br>**Негізгі кезең** | Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігінен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерін түзу ұстайды.<br>ә) Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділіктерін қалыптастыру.<br>Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру.<br>**Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру**: шырақ итерініп, құрсаудың ортасына түсу керектігін | бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету<br>**Ұйымдастыру кезеңі.Шаттық шеңбер**<br>Жұмысты бастамас бұрын себеттің түрлерімен танысып алайық.<br>**Интерактивті тақтамен жұмыс.**<br>№1 слайд. Пішіні әртүрлі себет түрлері (дөңгелек, сопақша, төртбұрыш).<br>№2 слайд. Талдың шыбығынан, сымнан тоқылған себет түрлері.<br>Педагог тазалық шараларын сақтау қажеттігін ескертеді.<br>Жасайтын себеттердің түсін, түрін балалардың өздеріне таңдатады.<br>– Ермексазды 2 бөлікке бөлеміз. Бұл себеттің астыңғы және үстіңгі бөлігін жасау үшін керек. | балаларға көңіл бөледі. Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді.<br>1. Үйдің геометриялық пішіндерден тұратын бөліктерін жеке-жеке қиып аламыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>**3.Рефлексия.**<br>Педагог қорытындылап, балаларды мадақтайды. Үйдің түтін шығатын бөлшегін қалай атайды ?<br>Балаларға бір-бірінің жұмысын талдатып, бағалату.<br>– Мінеки, біз де еңбекқорлығымыз дың арқасында әдемі үй жасадық. Жарайсыңдар!<br>**Тапсырма**:<br>«Үйшік» ертегісін |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | больше всего вам нравится в школе?<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Денсаулықтың құпиялары<br>**Мақсаты:** Белгіленген орынға биіктіктен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде қырымен аяқты аяқтың жанына қоя жүруді; жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету.<br>Екі аяқтап секіру. Доп лақтыру және оны қағып алу жаттығулары.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Таза ауадағы белсенділіктің адам ағзасы үшін қаншалықты маңызды екендігі туралы әңгімелеп беру.<br>2. **Негізгі кезең**<br>Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру.<br>4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс | Балаларға терек бұтасының суретін салу жолдары үлгі ретінде көрсетіліп, түсіндіріледі: ең алдымен, қалың сызықпен теректі (бұта) сызып аламыз, діңі, төменгі бөлігі жуан, ағаштың басына қарай жіңішкере түседі, діңіне көлбеу сызықтар сызу арқылы бұтақтарын саламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз. Содан кейін терек бұтақтарына ретімен біртіндеп жапырақтар саламыз. Жапырақтарды қарындашпен әдемілеп тегістеп бояймыз.<br>**Сергіту сәті**<br>**Сары жапырақтар жауғанда.**<br>**Рефлексия**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. | түсіндіру. (3 рет).<br>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады.<br>**I. Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет).**<br>Спортзалда еркін тұрады.<br>**1. Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>Сиқырлы қоржын ішін ашып көруге ұсыныс тастайды. Қоржын ішінен алған заттарын көріп қуанады. | 1-бөліктен табанын жасау.Алақан арасына салып домалақтаймыз және тақтайша үстіне тегістеп жалпақтаймыз.<br>2-бөліктен есу арқылы қабырғаларын жасаймыз. Сопақша пішінге келтіріп, бірдей 6-7 бөлікке бөліп, тақтайша үстіне ширатып созамыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жеке бөліктерді құрастыру, орналастыру.<br>Дөңгелек пішінді ермексаздың шетін кескішпен тегістейміз, шеткі бөлігіне біртіндеп иілген ермексазды ию арқылы ұштарын біріктіріп, жабыстырып орналастырамыз.<br>– Балалар, себеттің қандай бөлігі жетпей тұр? | естеріне түсіріп келіңдер. Серуен кезінде кішкене топ бүлдіршіндеріне сахналық қойылым көрсетеміз.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Кішкентай бағбан<br>**Мақсаты:** Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарманың кейіпкерлерімен таныстыру. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2. Негізгі кезең**<br>- Балалар, сендер жеміс жегенді ұнатасыңдар ма? |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | амплитудасын қолданады.<br>**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>**«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.**<br>Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішіне еркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу. Бұл жаттығу қақырық түсуіне көмектеседі.<br><br>**Энергетикаландырушы тыныс алу**<br>Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамды өшіргендей шұғыл шығару. Сосын 2-3 рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау.<br><br>**Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.** | Педагог балаларды мадақтайды.<br>Балалар жұмыстарына қарап, баға береді.<br>**5.Вариатив.Ертегілер әлемінде**<br>**Тақырыбы**:«Бауырсақ».<br>**Мақсаты:**Балаларды ертегі мазмұнын түсініп оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. Көңіл - күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге қамқоршы болуға тәрбиелеу. | | Тұтқасын да дәл осындай ширатылған ермексаздан жасаймыз.Есілген ермексаздың екі шеткі бөлігін қабырға ұштарына жабыстырамыз, тегістейміз.<br>Педагог жұмыс барысында қиналған балаларға көмектеседі.<br>– Балалар, себетіміз дайын болса, бағбан атайға сыйға тартуымызға болады.<br>**Рефлексия**<br>**3.Қауіпсіз мінез құлық**<br>**Тақырыбы:** Мен кіммін? Адамның денесі.<br>**Мақсаты:** балаларды адам дене құрылысымен таныстыру. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы болатынын түсіндіру<br>**Ұйымдастыру кезеңі** | - Қандай жемістерді білесіңдер?<br>- Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі әңгіме екенін түсіндіру.<br>Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді<br>***Сұрап жауап***<br>**Сергіту сәті**<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретте қай мезгіл бейнеленген?<br>- Балалар қайда жүр?<br>- Әр балаға ат қойып, не істеп жатқанын әңгімеле. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Демін ішке еркін тартып, мүмкіндігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап, созыңқы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br>**III. «Теңгерім түймесі» жаттығуы.**<br>**3. Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>**Ойды жалғастыр:**<br>*«Денсаулыққа қажет.*<br>*».*<br>Футбол добын шеңбер бойымен бір-біріне бере отырып, әрқайсысы денсаулыққа не пайдалы екендігін айтады. | | | **Шаттық шеңбер**<br>**2.Негізгі кезең**<br>– Балалар, жер бетіндегі ең ақылды, ең күшті кім деп ойлайсыңдар?<br>– Адамдар ойлайды, сөйлейді, еңбек етеді. Олай болса, бүгін өздерің және достарыңның , жақындарыңның, яғни жалпы адамдар туралы не білесіңдер? Әр адам қайталанбайды. (Мінезі, өмірге деген көзқарастары т.б.).<br>Педагог балаларға демонстрациялық материалды қолдана отырып әңгімелейді<br>**Дидактикалық ойын: «Адам денесін құрастыр»**<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс .**<br>1. Адамның дене мүшелерін ата. Олардың қандай қызмет атқаратынын әңгімеле. | - Осы суреттер бойынша көгөністерді тауып ата.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның».<br>**Д/ ойын: «Жеміс терейік».**<br>**Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>- Сендерге сабақта не ұнады?<br>4.**Вариавтив.**<br>**Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы:** :<br>Аққулар<br>Қол еңбегі<br>**Мақсаты:**Қағазды ң түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалар тапсырмаларды орындайды.<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Дұрыс таңда» ойыны.<br>3. Рефлексия.<br>«Дұрыс таңда» ойыны.<br>Шарты: айтылған сөзге адам дене мүшелерін тап.<br>Көреді ...<br>Естиді ...<br>Жүгіреді ...<br>Сөйлейді ...<br>Жазады ... т.б.<br>Адам дене мүшелерін сақтау керек. Әр дене мүшенің атқаратын қызметі бар.<br>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br>**«Екі-екіден» ойыны.**<br>– Адамның дене мүшелерін ата?<br>– Кім туралы айттық ? | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | – Адам туралы не айтуға болады, ол қандай?<br>Балалар өз ойларын айтады.<br>4.**Вариатив.ЛОгика**<br>**Тақырыбы:** «Хайуанаттар бағындағы қызықтар»<br>**Мақсаты:** Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Бақылау: Күз көріністерін бақылау<br>Мақсаты: Күз туралы білімдерін молайту, күз көріністерін бақылауды жалғастыру<br>Еңбек: Ойын алаңын тазалау<br>Қимылды ойындар: «Ормандағы соқпақтар»Мақсаты:жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. | Бақылау: Тастарды бақылау.<br>Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру<br>Еңбек: Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>Қимылды ойындар: «Ұшты - ұшты»<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету | Бақылау: Жапырақтардың түсін бақылау.<br>Мақсаты: Табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.Бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру<br>Еңбек: Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу.<br>Қимылды ойындар: «Түлкі мен қояндар»<br>Жануарлар мінез-құлқын ажырата білу | Бақылау: Түскен жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту<br>Еңбек: Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу,жапырақтарды жинау<br>Қимылды ойындар: «Орамал тастау»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | Гүлзарды бақылау<br>Мақсаты: Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Еңбек: Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу.<br>Мақсаты:Піскен,піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Құстар қалай ұшады?»<br>Мақсаты:Белгілі бағытқа жүгіруге жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға оқулықтар туралы ескерту. | Тұмаудың алдын алу жайлы кеңестер беру. | Балалардың тазалығы жайлы ескерту | Балалардың жақсы жетістіктері жайлы әңгімелесу | Демалыс күнге үй тапсырмаларын орындап келуін талап ету |

Scanned with ACE Scanner